

Бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың толық алымын қамтамасыз ету Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 28 маусымдағы N 178/7 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 18 шілдеде N 3090 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қыркүйектегі N 178/13 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі 21-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 22-2-тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысы аумағында бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың толық алымын қамтамасыз ету қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде қ о л д а н ы с қ а е н е д і .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.З. Бочинге жүктелсін.

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

" К Е Л І С І Л Д І " :

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Салық комитетінің төрағасы Н. Рахметов

2007 жылғы 6 маусым

Павлодар облысы әкімдігінің
2007 жылғы 28 маусым
"Бір жолғы талондарды беру
жөніндегі жұмысты ұйымдастыру
және бір жолғы талондарды өткізуден

түскен соманың толық алымын қамтамасыз
ету қағидасын бекіту туралы"

№ 178/7 қаулысымен бекітілді

**Павлодар облысы аумағында бір жолғы талондарды беру
жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және бір жолғы талондарды өткізуден
түскен соманың толық алымын қамтамасыз ету қағидасы**

1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы " Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексі 21-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және Павлодар облысының аумағында бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың толық алымын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру тәртібін анықтайды .

2. Бір жолғы талондарды есепке алуды жүргізу және беру тәртібі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер министрінің 2001 жылғы 30 қазандағы № 1469 (Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2001 жылғы 30 қарашада № 1685 болып тіркелген) басқармасы бұйрығымен бекітілген бір жолғы талондарды беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Бір жолғы талондар беруді ұйымдастыру

3. Павлодар және Екібастұз қалаларында бір жолғы талондар беру және бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың алымы жөніндегі қызметті " Павлодар қаласының әкімі жанындағы базарларда жергілікті салықтарды жинау және бір жолғы талондар беру жөніндегі орталық", "Екібастұз қаласының әкімі жанындағы базарларда бір жолғы талондар беру орталығы" мемлекеттік мекемелері, Ақсу қаласында "Ақсу қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, ауылдық жерлерде ауылдық округтердің әкімдері (бұдан әрі - бір жолғы талондар беру жөніндегі уәкілетті органдар) жүзеге асырады.

Бір жолғы талондар беруді және бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың алымын жүзеге асыратын қызметкерлердің еңбегін төлеу мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбегін төлеуді реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес іске асырылады.

4. Бір жолғы талонның құны жергілікті өкілдікті органдарымен белгіленеді және инфляция коэффициенті мен тұтынушылық бағаларының өсу серпінін есепке алумен өзгере алады .

5. Бір жолғы талондар беру жөніндегі уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте бір жолғы талондардың талап етілетін саны туралы мәліметті аумақтық салық органдарына жібереді .

6. Бір жолғы талондар беру жөніндегі уәкілетті органдар: бір жолғы талондар түбіршектерінің толық, дұрыс толтырылуы мен сақталуын; бір жолғы талондар беруді (алуды) тіркеу журналында бір жолғы талондар беру есебін жүргізуді; бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың бюджетке уақытылы және толық аударылуын; жергілікті өкілдікті органдар бекіткен болжамды көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етеді.

7. Бір жолғы талондар беру жөніндегі уәкілетті органдар бір жолғы талондар беруді қамтамасыз етеді және: бір жолғы талондарды сатып алу мәселесі жөнінде салық төлеушілер үшін; бір жолғы талон бланкілерінің, сондай-ақ қолма қол ақшаның сақталуы бөлігінде бір жолғы талондарды беру мен бір жолғы талондарды өткізуден түскен соманың алымын іске асыратын қызметкерлер үшін оңтайлы жағдайлар жасайды.

3. Есеп беруді ұсыну тәртібі мен мерзімі

8. Бір жолғы талондар беру жөніндегі уәкілетті органдар ай сайын есеп беру айынан кейінгі айдың 5-нен кешіктірмей, мынадай: кәсіпкерлік қызметі жылына 90 күннен асатын жеке тұлғалар бойынша; бір жолғы талондардың пайдаланылған және бүлінген бланктері туралы; бір жолғы талондардың қалдықтары туралы; бір жолғы талондарды өткізуден түскен бюджетке аударылған сомалар туралы;

жеке тұлғалар бір жолғы талон сатып алған 30 күннің өткен күні туралы мәліметтерді аумақтық салық органына ұсынуды қамтамасыз етеді.

4. Жауапкершілік

9. Бір жолғы талондарды беру жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуына қойылатын талаптарды бұзғаны, сондай-ақ бір жолғы талондарды бермеуі және (немесе) белгіленген сомадан төмен бергені үшін талондар беру жөніндегі уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты.